



ЕУРОПА КОМИССИЯСЫ

Жозе Мануэл Дурау Баррозу
Еуропа Комиссиясының төрағасы

Еуропа Одағы мен Қазақстан: 21-ші ғасыр үшін әріптестікті нығайту

Сөз сөйлеу кезіндегі мәтін бұл нұсқадан өзгеше болуы мүмкін

Check Against Delivery
Seul le texte prononcé fait foi
Es gilt das gesprochene Wort

Астана/Қазақстан
2 маусым 2013

Ректор, Министрлер,
Ханымдар мен мырзалар,

Бүгін мен Қазақстанға келгеніме қуаныштымын және Сіздің елге келген Еуропа Комиссиясының бірінші төрағасы болғаныма өте қуаныштымын.

Гумилев атындағы университетте, жиырма жылға жуық уақытта елдің және Орталық Азияның бүкіл өңірінің жетекші университетіне айналған осы беделді оқу орнында Сіздермен кездесу мен үшін зор құрмет.

Сіздің университет – елдің болашағына, зерттеулерге, өзінің азаматарына салынған инвестициялардың құндылығын мойындаудың нақты куәлігі.

Осы Университет және өзім бірінші рет ашқан Астана қаласы – Қазақстан тәуелсіз мемлекетінің жиырма жыл ішіндегі керемет жетістіктері.

Алайда Қазақстанның өткені және оның тарихы Лев Гумилев өзінің үлкен жұмысында көрсеткеннен одан ары кетеді. Сіздің ел жиырмаға толса, Еуропа мен Орталық Азия арасындағы қатынастарға да сонша жыл болды.

Шын мәнінде көптеген ғасырлар бойы Қазақстан мен Еуропа, қазір сендер картаға қарап ойлағаннан өте жақын қарым-қатынаста болған. VI –XIV ғасырлар кезеңінде, шығыс пен батыс еркін саяхаттай алатын және Жібек жолы бойында сауда жүргізе алатын кезде біздің тағдырларымыз тығыз байланыста болды.

Ол Ескі әлемдегі мәдени алмасу үдерісінде бірегей және орталық рөлін атқарды. Тауарлар, технологиялар, идеялар мен мәдениет екі жаққа ұзына бойы ауысып отырды. Шығыс пен батыс арасында математика, астрономия және ғылым саласында музыканың, бидің немесе бейнелеу өнерінің әртүрлі нысандарымен алмасу жүрді.

Жақын арадағы уақытта, 20-шы ғасырдың тарихи бөлісі бізді бөліп тастады. Бірақ Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бастап бұл қашықтық жылдам қысқаруда, себебі 21-ші ғасырдың кезек күттірмейтін міндеттері бізді қайта біріктіруде.

Мұнда мен өмірлік маңыздылығына қарамастан, климаттың өзгеруі және тұрақты дамуды қамтамасыз ету қажеттілігі сияқты жалпы ғаламдық мәселелерді ескеріп отырған жоқпын. Бізді қайтадан тығыз байланыстырып отырған екі жақты қатынастарды ескеріп отырмын.

Құрметті қонақтар!

Қазіргі уақытта Қазақстан сауда-экономикалық алмасудың арқасында ғана емес, одан маңызды Жібек жолына дейін көп бұрынғы тарихқа кететін үйлесімділік пен төзімділіктің табысты тәжірибесімен, дәстүрлерімен тұрақты ел ретінде осы өңірде ЕО-ның аса маңызды әріптесі болуда.

Біз осы қатынастарымызды тереңдеткіміз және байытқымыз келеді. Біз бастамашы болған жаңа және кеңейтілген Әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісім жөніндегі келіссөздер Еуропа Одағы үшін Қазақстанның маңыздылығын және біздің мықты стратегиялық қарым-қатынастарымызды мойындау болып табылады.

Еуропа Одағы осы келіссөздердің табысты және жылдамырақ аяқталуына бейілді және бұл бейілділікті біздің қазақстандық әріптестеріміз де бөлісетініне біз сенімдіміз.

Біздің мақсатымыз барлық өзара мүдделі салалардағы біздің ынтымақтастықтың қолдану аясын кеңейту және реформалар мен жаңғырту саласында Қазақстанның күш салуын қолдау. Адам құқықтары және құқық басымдығы қағидасын сақтау – қазіргі қоғамның ажырамас бөлігі және олар ашық диалог, саяси плюрализм мен динамикалы азаматтық қоғам арқылы қамтамасыз етілуі тиіс. Бұл – біздің әріптестігіміздің маңызды өлшемі және біздің екі жақты байланыстарымызды тереңдетудің кілті.

Әрине, Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін құрылған барлық елдер жаңадан ие болған тәуелсіздігінің 20 жылынан кейін толысқан демократияға жылдам түрленеді деп ешкім күтпейді. Бұл ұзақ жол. Бірақ осы жолдың бағыты маңызды. Еуропа Одағы пайдасы тиетін жерде ЕО-ның тәжірибесімен және білгенімен бөлісе отырып, сіздермен қатар жүретін әріптес болғысы келеді.

Алайда біз тек саяси жағынан ғана бірге жұмыс істеп қоймаймыз. Сонымен қатар шешуді қажет ететін экономикалық мәселелер де бар. Осы тұрғыдан ЕО-мен қарым-қатынас жағдайды жақсы жаққа өзгерте алады.

Соңғы декадада Қазақстан мен ЕО арасындағы екі жақты сауданың жылдам өсуі байқалды. Біртіндеп ЕО Қазақстанның жетекші сауда әріптесі болды, сіздердің сыртқы саудаларыңыздың жалпы көлемінің шамамен 40% оның үлесіне келеді. Сонымен қатар Еуропа Қазақстандағы ең ірі инвестор болды, елге құйылатын тікелей шетел инвестицияларының шамамен жалпы көлемінің жартысы оның үлесіне келеді.

Өткен жылы біздің екі жақты саудамыздың көлемі 31 миллиард еуро құрады, оның төрттен үші қазақстандық экспортпен, атап айтқанда мұнай және газбен берілді, олардың үлесі барлық қазақстанның экспорт көлемінің едәуір үлесін құрады.

Қазақстандық экспортты әртараптандыру қажеттігі айқын. Бұл үшін шетелдік инвестицияларды тарту аса маңызды. Сөз сіздің елге қаржы ресурстарын әкелу ғана емес, ноу-хау және сараптамалық тәжірибе алу, ғаламдық экономикамен байланыс орнату туралы.

Сондықтан біздің болашақ Әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісім соншалықты маңызды. Ол экономикалық мәселелер бойынша біздің ынтымақтастығымызды күшейтетін болады. Ол уағдаласқан салаларда, халықаралық және еуропалық стандарттар негізінде ортақ стандарттар шығаруға мүмкіндік береді, бұл бағалары бойынша әлемдегі ең ірі нарық болып табылатын Еуропа Одағының Бірыңғай нарығына шығудың кілті.

ЕО-мен экономикалық байланыстарды тереңдету – тіршілікке қажетті құрамдауыш. Алайда Қазақстанға әлемдік сауда жүйесінің ажырамас бөлігі болу қажет. ЕО Қазақстанның ДСҰ-ға кіруін әрдайым қолдаған.

Біздің қатысушыларымыз Қазақстан мен ЕО арасындағы кіруге қатысты екі жақтық талаптарға қатысты негізгі элементтер бойынша келісімге келгені фактісін мен осы жерде растай алатыныма өте қуаныштымын. Біз бұл уағдаластыққа қол қоюды күтеміз. Үдерісті аяқтау үшін көп жақты уағдаластыққа жетуге күшімізді бағыттайық.

Қазақстанның ДСҰ-ға мүшелігі сауда мен инвестициялар саласындағы біздің екі жақты қарым-қатынастарымызда елеулі кезең болады, бұл біздің сауда ынтымақтастығымызды одан әрі дамытуға жақсы негіз болады.

Әрине басқалардың нарығына кіру, өзімізде нарықтар ашуға біздің дайындығымызды білдіреді. Қазақстанның халықаралық экономикаға терең ықпалдасуының бөлігі ретінде сауда кедергілерін зерттеу керек және қажет жерде оларды жою керек, бұл жерде мен тек тарифтерді ғана емес, инжинирингтік компаниялар үшін бюрократиялық лицензиялау жүйелерін немесе белгілі шетел жұмыс күшіне шектеулерді қоса алғанда, басқа да шараларды айтамын.

Біздің екі жақты экономикалық қатынастарымызды жетілдірудің басқа тәсілін тарихи Жібек жолымен рұхтандыруға болады: біздің көлік байланысымызды, әсіресе авиацияны жаңғырту біздің өзара мүддеміз.

Құрметті қонақтар,

Соңғы жылдар ішінде Қазақстан әсерлі экономикалық өсудің арқасында өз халқының әл-ауқатын жақсартта алды. 15 жыл ішінде Қазақстанның ІЖӨ 16 есе өсті. Халықтың жан басына шаққандағы ІЖӨ 7 есе – 1998 жылы 1500 АҚШ долларынан 2012 жылы 12000 АҚШ долларына дейін өсті.

Бұл маңызды өзгерістер динамикалы энергетикалық сектормен байланысты, ұлттық экономикадағы оның үлесі айтарлықтай өсті.

Алдымыздағы соңғы он жылдықтар ішіндегі дүниежүзіндегі аса ірі жобалардың бірі - Қашаған мұнай кен орнын ашу –Қазақстанның энергетика секторындағы жетістіктерінің символы болады.

Сонымен қатар бұл Қазақстан мен Еуропа Одағының арасындағы мықты қарым-қатынастар символы: көптеген бірлескен және өзара тиімді инвестициялар, сондай-ақ айтарлықтай энергоресурстар саудасы.

Алайда соңғы ғасырда халықтың саны төрт есе, өндіріс көлемі 40 есе, қазынды отын 16 есе және су қорлары – 9 есе өскен әлемде біз бар пардигманы өзгертуге тиістіміз.

Бұрынғыға қарағанда біз экономикалық өсуді табиғи қорларды пайдаланудан бөлуге тиістіміз, әйтепесе біз планетамыздың мүмкіндіктерінің шегіне жетіп, қабырғаға тірелеміз.

Сондықтан мен қазақстандық билік қабылдаған Жасыл экономика тұжырымдамасында бекітілген Стратегия-2050 жоғары бағалаймын.

Дүниежүзіндегі аса ірі мұнай өндірушілердің бірінің таза энергетикаға және қорларды тиімді пайдалануға негізделген, болашаққа арналған стратегияны қабылдауы мақтауға лайық қана емес, ол көрегендік.

Бұл саяси таңдау біз Еуропада қолданатынға ұқсас. Біз ақылды, тұрақты және инклюзивті экономикаға бағытталған Стратегия 2020 қабылдадық. Басқа мақсаттардың арасында біз 2020 жылға қарай пәрнек газдарын 20%, энергетиканың жалпы құрылымындағы қайтадан басталатын көздер үлесін 20% және энергия тиімділігін 20%

қысқарту міндеттемелерін алдық. Бізде бұл салада бай сараптамалық тәжірибеміз бар, біз онымен сіздермен бөлісуге дайынбыз.

Мен Сіздерді «Болашақ энергиясы» тақырыбына Астанада «EXPO-2017» халықаралық көрмесін өткізумен құттықтаймын, бұл басқару органдарына, сондай-ақ бизнес компанияларына Еуропамен ынтымақтастық үшін өте көп мүмкіндіктер туғызады.

Ханымдар мен мырзалар,

Біз өзара байланысты әлемде, технологиялар біздің барлығымызды көрші қылған және бір мемлекеттің әрекеті барлығымызға әсерін тигізе алатын әлемде тұрамыз.

Біз дүниежүзілік алаңдаушылық туғызатын, климаттың өзгеруі сияқты, сондай-ақ экстремизм мен терроризмге қарсы күрес және оларды таратпау сияқты салалардың мәселелерімен қызығушылықты бөлісеміз.

Еуропа Одағы осы мәселелерді шешуде Қазақстанмен тығыз байланыста жұмыс істегісі келеді. Біз кең өңірге қатысты сіздердің пайымдауларыңызды жоғары бағалаймыз.

Еуропа Одағы кең өңірдегі жас демократиялық мемлекеттердегі тұрақтылықты қолдауға бейілді болып қала беретініне сіздерді сендіруге рұқсат етіңіздер.

Ауғанстандағы ауыспалы кезең аяқталуына қарай, 2014 жылдан кейінгі кезең барлығымыз үшін сын, сондықтан да талапқа сай болайық.

ЕО бұл елде жұмысын жалғастырады және өңірдегі жалпы тұрақтылықты нығайту тәсілі ретінде тек саяси қолдауды ғана емес, экономикалық және техникалық көмек беруді жалғастыратын болады.

Шын мәнінде өңірлік ынтымақтастық қазіргі заманның шиеленістерін шешудің негізгі факторы болып табылады. Аса ірі және аса күшті елдердің өздерінің саяси және экономикалық оқшаулануға мүмкіндігі жоқ. Өзін өңір үшін және қалған барлық әлем үшін ашық еткен Қазақстандікі дұрыс. Және ол өзінің екі көршісімен Кеден одағын құру арқылы өңірлік ықпалдасу үдерісіне бастамашылық етті.

Өңірлік ықпалдасу жобасы бола тұра, Еуропа Одағы бұл үрдісті әлемнің басқа бөліктерінде де қолдайды. Бірақ өңірлік ынтымақтастық әлемдік ықпалдастық есебінен жүзеге асырылмағаны өте маңызды. Өңірлік үдерістер ашық болуы және саяси және экономикалық тұрғыдан көпірлер ретінде қызмет етуге тиіс. Олар басқалармен жұмыс істеу мүмкіндіктерін қысқартпай, керісінше көбейтуге тиіс.

Құрметті Ректор,

Ханымдар мен мырзалар,

Біз кішкентайдан бастадық, бірақ ең үлкен ағаштар кішкене дәннен шығады дейді; сол сияқты демократияны үнемі қамқорлығымызға алу қажет, экономикаларымыз күнделікті жұмысты талап ететіні сияқты біз күн сайын тату көршілік қатынастарымызды нығайта береміз.

Ұлы қазақ ақыны Абай Құнанбаев өзінің Қара сөздерінде көне қазақ мақалын «Табыстың көзі -бірлікте» деп ескереді.

Біз бірлікте екі жақты тату қатынастарымызды жалғастыра берейік, уақыт өте олар қуатты ағаш сияқты күшейеді.

Назарларыңызға рақмет.